

Кейбір ұйымдарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағына беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 ақпан N 186

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес республикалық мемлекеттік кәсіпорындар (бұдан әрі - Кәсіпорындар) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағына берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оларға қатысты функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне "Республикалық инновациялық қор" жабық акционерлік қоғамының және "Биопрепарат", "Биомедпрепарат" ашық акционерлік қоғамдарының мемлекеттік акциялар пакеттеріне иелік ету және пайдалану құқығын берсін.

4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін және олардың әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі "Медицинада, ауыл шаруашылығында және өнеркәсіпте биотехнология және гендік инженерияның әдістерін пайдалану" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасының әкімшісі болып белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

7. 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 5 ақпандағы
№ 186 қаулысына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің қарамағына берілетін кәсіпорындардың
ТІЗБЕСІ**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, Ақмола облысы,
индустрия және сауда министрлігінің Степногорск қаласы
"Қазақстан Республикасының
биотехнология жөніндегі ұлттық
орталығы" республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны
2. Қазақстан Республикасы Энергетика, Ақмола облысы,
индустрия және сауда министрлігінің Степногорск қаласы
"Фармацевтикалық биотехнология
институты" республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
3. Қазақстан Республикасы Энергетика, Алматы қаласы
индустрия және сауда министрлігінің
"Өсімдіктер физиологиясы, генетикасы
және биоинженериясы институты"
республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны
4. Қазақстан Республикасы Энергетика, Жамбыл облысы
индустрия және сауда министрлігінің Гвардейский кенті
"Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу
институты" республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
5. Қазақстан Республикасы Энергетика, Алматы қаласы
индустрия және сауда министрлігінің
"Дәрілік қосылыстарды биологиялық
зерттеулердің орталық лабораториясы"
республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны

6. Қазақстан Республикасы Энергетика, Алматы қаласы
индустрия және сауда министрлігінің
"Алматы биокOMBинаты"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны

7. Қазақстан Республикасы Энергетика, Алматы қаласы
индустрия және сауда министрлігінің
"Лазерлік технология жөніндегі
Алматы инженерлік орталығы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 5 ақпандағы
N 186 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :
көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесіндегі :

"Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі" бөлімінде:
бөлімнің атауы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" және мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 222-1 және 222-2-жолдармен толықтырылсын:

"222-1. "Республикалық инновациялық қор" ЖАҚ
222-2. "Биопрепарат" ААҚ".

3. "Кейбір ұйымдарды Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қарамағына беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 қазандағы N 1596 қаулысына(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 49, 477-құжат) :

2-тармақтағы "Республикалық инновациялық қор", "Биопрепарат" және "Биомедпрепарат" деген сөздер алынып тасталсын;
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика,

индустрия және сауда министрлігінің қарамағына берілетін ұйымдардың тізбесіндегі реттік нөмірлері 3, 4, 5, 6, 7, 8, 12, 14, 15-жолдар алынып тасталсын;
көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар тізбесіндегі реттік нөмірлері 4 және 5-жолдар алынып тасталсын.

4 . № < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК